



**ШЕШІМ**  
29.03.2024

Астана қаласы

**РЕШЕНИЕ**  
157/20-VIII

№

город Астана

## Елордада мемлекеттік спорттық және шығармашылық тапсырысты іске асыру барысы туралы

Астана қаласы әкімінің орынбасары Е.Б.Байкеннің «Елордада мемлекеттік спорттық және шығармашылық тапсырысты іске асыру барысы туралы» баяндамасын тыңдап, талқылағаннан кейін Астана қаласының мәслихаты келесілерді атап өтеді.

2021 жылғы 1 мамырдан бастап мемлекеттік спорттық және шығармашылық тапсырыстарды жан басына қаржыландыру тетігі іске қосылды.

Мемлекеттік шығармашылық және спорттық тапсырыстарды іске асыру 2023 жылдың қаңтарына дейін «artsport.kz» платформада жүзеге асырылды. Портал мемлекеттік спорттық тапсырысты орналастыру ережелерін бұза отырып, бөлінген ваучерлерді санынан екі есе көп берді, бұл бөлінген бюджет қаражатынан едәуір асып, кредиторлық берешектің пайда болуына және ваучерлердің берілуін тоқтата тұруға әкелді.

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап жергілікті атқарушы органдарға бағдарламаны іске асыру үшін платформаны таңдау мүмкіндігі бойынша өкілеттіктер берілді. Өткізілген мемлекеттік сатып алу конкурсының нәтижелері бойынша 2023 жылғы мамырдан бастап мемлекеттік спорттық тапсырысты іске асыру «damubala.kz» платформада жүзеге асырылады.

Мемлекеттік спорттық тапсырыс шеңберінде қалада спорттың 30 түрі бойынша 945 секция жұмыс істейді, 335 жеткізуші қызмет көрсетеді, оның ішінде 172 белсенді балалармен, оның ішінде 3 мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс істейді.

Бүгінгі таңда қалада шығармашылықтың 50 түрі бойынша мемлекеттік шығармашылық тапсырыс шеңберінде 713 секция өз қызметтерін орындайды, 343 жеткізуші қызмет көрсетеді, оның ішінде 203 белсенді балалармен, оның ішінде 2 мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс істейді.

Астана қаласы бойынша тексеру комиссиясы 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап 2022 жылғы 30 қыркүйекке дейінгі кезеңде мемлекеттік спорттық және шығармашылық тапсырыстарды орналастыруға бөлінген бюджет қаражатын мақсатты пайдалану мәселесі бойынша 12 жеткізушінің қызметіне аудит

жүргізді. Жүргізілген аудит барысында платформа БСН және ЖСН жоқ жеке тұлғалар мен жеткізушілерді құруға, сондай-ақ астанаға аумақтық жағынан жатпайтын ата-аналарды тіркеуге мүмкіндік бергені анықталды.

Сондай-ақ, платформада кейбір жаттықтырушылардың деректері көрсетілгені, ал іс жүзінде басқа жаттықтырушылар оқытатыны анықталды, бұл соттылықтың болмауы, біліктілік, аурудың болмауы туралы талаптарды жоққа шығарады. Кейбір жеткізушілер жалға алған үй-жайлар санитарлық-эпидемиологиялық нормаларға және пайдалану үшін басқа талаптарға сәйкес келмейді.

Сессияға дайындық барысында депутаттар мемлекеттік спорттық және шығармашылық тапсырыс шеңберінде қызмет көрсетілетін бірқатар мәдениет және спорт нысандарын аралады. Аралау қорытындысы бойынша депутаттар сабақтар үшін қанағаттанарлықсыз жағдайлары бар үй-жайларды анықтады, сондай-ақ кеш уақытта балаларға арналған секциялар кестесі әртүрлі сұрақтарды тудырды.

Астана қаласы әкімдігінің «Қалалық мониторинг және жедел әрекет ету орталығы» ШЖҚ МКК (iКОМЕК 109 орталығы) ақпараты бойынша келіп түскен шағымдардың басым бөлігі «artspport.kz» және «damubala.kz» платформалардың техникалық ақауларына қатысты.

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2021 жылғы 28 сәуірдегі № 122 бұйрығымен бекітілген балалар мен жасөспірімдерге арналған шығармашылық үйірмелерде мемлекеттік шығармашылық тапсырысты орналастыру және олардың жұмыс істеуі Ережелеріне сәйкес ел ауқымында мемлекеттік спорттық, шығармашылық және білім беру тапсырыстары шеңберінде бір балаға арналған спорт секцияларының немесе шығармашылық үйірмелердің қызметтеріне кезекте тұрған баланың заңды өкілінің өтініші біреуден артық болмау керек. Алайда елордада білім беру тапсырысы шеңберінде «damubala.kz» платформасының оқыту қызметтерін көрсету жөніндегі өзге де платформалармен интеграциясы жоқ, бұл жоғарыда көрсетілген ережелердің бұзылуына және бюджет қаражатының артық жұмсалуына әкеп соғуы мүмкін.

Баяндалғанның негізінде елордада мемлекеттік спорттық және шығармашылық тапсырысты іске асыруды жетілдіру мақсатында Астана қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Астана қаласы әкімінің орынбасары Е. Б. Байкеннің «Елордада мемлекеттік спорттық және шығармашылық тапсырысты іске асыру барасы туралы» баяндамасы назарға алынсын.

2. Астана қаласының әкімдігіне (қала әкімінің жетекшілік ететін орынбасары):

қызмет алушылардың нақты санын ескере отырып, мемлекеттік тапсырысты қаржыландыру көлемін болжау әдістерін әзірлеу;

халықтың әлеуметтік осал топтары санатындағы балалар үшін ваучерлерді жеңілдікпен ұсынуды көздеу;

платформада ваучерлер алу тәртібіне қатысты халықпен түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

жұртшылық пен бейінді федерацияларды тарта отырып, жаңадан құрылған КММ қызметкерлерінің үй-жайлар мен оқытушылардың регламенттеуші құжаттар мен заңнама талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қызмет көрсетушілер қызметінің тұрақты жүйелі мониторингін жүргізуді қамтамасыз ету;

мониторингтік топ мүшелерінің іс-қимылдарының қадамдық алгоритмін, жұмыс жоспарын және объектілерге шығу кестесін әзірлеу;

2024 жылғы 5 сәуірге дейін балалар мен жасөспірімдерге арналған мемлекеттік шығармашылық және спорттық тапсырыстарды орналастыру және олардың жұмыс істеуі қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде ұсыныстар дайындау ұсынылсын.

3. «Астана қаласының цифрландыру және мемлекеттік қызметтер басқармасы» ММ:

соттылығы болуы, наркологиялық және психоневрологиялық тұрғыдан есепке алу, туберкулезбен ауыратын науқастарды есепке алу, медициналық қарап-тексеру туралы, жаттықтырушы-оқытушылар құрамының біліктілігі туралы анықтамаларға қатысты дерекқорлар базасы бар порталдың жеткізушілердің мәртебесін растайтын мемлекеттік кірістер жүйесінің базаларымен интеграциялануын жүргізу;

әртүрлі жеткізушілерде бір мезгілде жаттықтырушы-оқытушылар құрамын тіркеуді шектейтін функцияны көздеу;

Астана қаласында тұрмайтын, сондай-ақ жас шектеулеріне сәйкес келмейтін адамдарға ваучерлер беруді шектеу тетігін көздеу;

жеткізушілермен шарттардың формальды түрде жасалуын болдырмау мақсатында бекітілген нысандағы келісімшарттың электрондық форматын енгізу;

қызмет көрсету процесінің ашықтығын қамтамасыз ету үшін электрондық карточкаларды немесе чиптерді қолдану арқылы оқу сабақтарын бақылау жүйесін әзірлеу ұсынылсын.

4. Осы шешімнің ұсыныстарын орындау бойынша ақпаратты қалалық мәслихатқа бір ай мерзімде ұсынуды қамтамасыз ету.

5. Осы шешімнің орындалуын бақылау Астана қаласы мәслихатының әлеуметтік-мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

Астана қаласы  
мәслихатының төрағасы



Е. Каналимов